



Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті

Сапа бойынша есеп

2018 жылғы ЖІӨ-дегі мұнай-газ секторының үлесін
бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен есептелген
жалпы ішкі өнім

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Ұлттық шоттар басқармасы

S.1.3 Байланыс адамының аты

Жакиенова Ақмарал Қайыргелдіқызы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Нақыпбеков Әсет Ерікұлы

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Сол жағалау, Мәңгілік ел көшесі 8, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

a.zhakienova@economy.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172)74-95-37

S.2 Өзектілік- кіріспе

Ұлттық шоттар жүйесінің (бұдан әрі – ҰШЖ) негізгі мақсаты экономиканың тиімді жұмыс істеуін бағалау және талдау үшін жарамды макроэкономикалық деректер базасын құру үшін пайдаланылуы мүмкін жан-жақты тұжырымдамалық негізді және есепке алу құрылымын қамтамасыз етуден тұрады. Осындай деректер базасының бар болуы дәйекті және тиімді саясатты қалыптастыру үшін және тиісті шешімдерді қабылдау үшін қажетті шарт болып табылады.

Өндіріс әдісімен жалпы ішкі өнім (бұдан әрі – ЖІӨ) ҰШЖ интеграцияланған құрылымның негізгі компоненттерінің бірі болып табылады.

Өндіріс әдісімен алынатын ЖІӨ өндірушы–резиденттердің өндірістік қызметінің түпкілікті нәтижесін көрсетеді және ЖІӨ-дегі әртүрлі салалардың үлесін есептеуге мүмкіндік береді.

Мұнайгаз секторы қазақстандық экономика негіздерінің бірі, экспорттық және салықтық түсімдердің маңызды көзі болып табылады, ЖІӨ құрылымында шамамен 20% иеленеді (1-кесте).

1-кесте. Мұнайгаз секторының ЖІӨ-гі үлесі, %

Атауы	2014	2015	2016	2017	2018
Мұнайгаз секторы	19,9	17,3	18,2	18,2	21,1

Мультипликативтік нәтижелер жасаудың арқасында, бұл сектор шикізаттық аумақтарды қоса, тұтас елдің экономикалық дамуына елеулі әсерін тигізеді. Мұнайгаз секторының ЖІӨ-гі үлесі ел экономикасы

қаншалықты әртараптандырылғанын да көрсетеді. Мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен есептелген ЖІӨ-ді қалыптастырудың өзектілігі экономикалық талдау жүргізу және жоспарлау үшін макроэкономикалық модельді құру қажеттілігімен негізделген. Сондықтан экономикалық қарым-қатынастың қатысушылары экономикалық өсімнің қарқыны туралы ақпаратты уақтылы ұсынуға және анықтығына, дәлдігіне жоғары талаптар қояды.

Негізгі пайдаланушылар Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі сияқты мемлекеттік органдар, ғылыми зерттеу институттары, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекетаралық статистикалық комитеті, Еуразиялық экономикалық комиссиясы сияқты халықаралық ұйымдар және басқалар болып табылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Өндіріс әдісімен жалпы ішкі өнім өнімдерге салынатын таза салықтардың шамасына қарай ұлғаятын, экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес жалпы қосылған құндардың сомасын білдіреді. «Таза» термині салықтардың тиісті субсидияларды шегерумен көрсетілгенін білдіреді.

Сала бойынша жалпы қосылған құн (ЖҚҚ) тауарлар (қызметтердің) шығарылымы мен аралық тұтынудың айырмасы ретінде алынады.

Өндіріс әдісімен ЖІӨ-ні есептеу келесі формула бойынша жүзеге асырылады:

$$GDP = GVA + NT$$

$$GVA = Out - IC$$

мұндағы:

GDP – ЖІӨ;

GVA – жалпы қосылған құн;

NT – өнімдерге салынатын таза салықтар;

Out – саланың жалпы шығарылымы;

IC – саланың аралық тұтынуы.

ЖІӨ-гі мұнайгаз секторының бөлінуі ХВҚ-ның техникалық көмек миссиясы барысында алынған нұсқауларға сәйкес жүргізіледі. Аталған нұсқаулықтарға сәйкес, мұнайгаз секторы бастапқы, қосалқы және үшінші секторларды қамтиды (2-кесте).

Бастапқы секторды Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ ҚР МЖ 03-2007) сәйкес, шикізат (мұнай мен табиғи газ)

өндірумен айналысатын және мұнай мен табиғи газ өндіруде мамандандырылған көмек көрсететін қызмет түрлері құрайды.

Қосалқы сектор нәтижесінде шикізаттан тауарлар өндіріліп шығатын өңдеуші қызмет түрлерінен (өңдеу өнеркәсібі және құрылыс) құралған.

Үшінші сектор мұнайгаз секторына қызмет көрсетуші (сауда, көлік, кәсіби қызметтер) қызметтер саласынан тұрады.

2-кесте. Мұнай-газ секторының құрылымы

ЭҚЖЖ ҚР МЖ 03-2007	Бастапқы сектор
06	Шикі мұнайды және табиғи газды өндіру
09	Кен өндіру өнеркәсібі саласындағы техникалық қызметтер
	Қосалқы сектор
19201	Мұнай өңдеу өнімдерін өндіру
42.21.21.100	Мұнай және газ магистральдық құбырларын жүргізу бойынша құрылыс жұмыстары
42.21.22	Қосалқы қызметтерді қоса алғанда, жергілікті құбырларды жүргізу бойынша құрылыс жұмыстары
	Өзге де құрылыс жұмыстары (қызметтері)
	Үшінші сектор
46711	Шикі мұнай мен ілеспе газды көтерме саудада сату
46712	Табиғи (жанатын) газды көтерме саудада сату
467113	Сұйық, газ тәрізді отындармен және осыған ұқсас өнімдермен көтерме сауда бойынша қызметтер, сыйақыға немесе шарттық негізде ұсынылатыннан басқа
46715	Авиация бензинін және жермайды көтерме саудада сату
46717	Дизель отынын көтерме саудада сату
46718	Отын мазутын көтерме саудада сату
470081	Мотор отындарымен бөлшек сауда бойынша қызметтер
49.20.12	Темір жол көлігінің мұнай өнімдерін вагон-цистерналарда тасымалдау бойынша қызметтері
49.41.12	Автомобиль көлігінің автоцистерналармен немесе жартылай тіркеме – автоцистерналармен мұнай өнімдерін тасымалдау бойынша қызметтері
49.50.11	Тазартылмаған немесе тазартылған мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдау бойынша қызметтер
49.50.12	Табиғи газды құбырлармен тасымалдау бойынша қызметтер
502013	Өзге де сұйық немесе газ жүктілерді теңіз көлігімен тасымалдау бойынша қызметтер
711231100	Геологиялық барлау және ізденіс жүргізу бойынша қызметтер (ғылыми зерттеу және әзірлемелер жүргізбей, мұнай және газдың шыққан жерін зерттеу)
711233	Пайдалы қазбаларды барлау және бағалау бойынша қызметтер
711234	Жерүсті маркшейдерлік түсірілім бойынша қызметтер
773919100	Мұнай кен орындары үшін операторсыз машиналарды және жабдықтарды жалға беру бойынша қызметтері

ЖІӨ-дегі мұнай-газ секторының үлесін есептеу келесі формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\text{Share}_{\text{OGS}} = \text{GVA}_{\text{OGS}} / \text{GDP} \%$$

$$\text{GVA}_{\text{OGS}} = \text{GVA}_{\text{I}} + \text{GVA}_{\text{II}} + \text{GVA}_{\text{III}}$$

мұндағы:

$\text{Share}_{\text{OGS}}$ – ЖІӨ-дегі мұнай-газ секторының үлесі;

GVA_{OGS} – мұнай-газ секторының жалпы қосылған құны;

GDP – ЖІӨ;

GVA_{I} , GVA_{II} , GVA_{III} – бастапқы, қосалқы және үшінші секторлардың жалпы қосылған құны.

Мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен есептелген ЖІӨ-де сонымен қатар шикізаттық және шикізаттық емес секторлар бөліп көрсетіледі.

Шикізаттық сектор шикізат өндіру мен ауылшаруашылық өнімдерді өндіруге қатысты экономикалық қызметтерді қамтиды (3-кесте). Шикізаттық емес сектор ЭҚЖЖ ҚР МЖ 03-2007 сәйкес өзге де барлық қызмет түрлерін қамтиды.

3-кесте. Экономиканың шикізаттық секторы

ЭҚЖЖ ҚР МЖ 03-2007	Шикізаттық сектор
01	Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну
02	Орман шаруашылығы және ағаш дайындау
03	Балық шаруашылығы және аквадакыл
05	Көмір және лигнит өндіру
06	Шикі мұнайды және табиғи газды өндіру
07	Металл кендерін өндіру
08	Кен өндіру өнеркәсібінің басқа салалары
09	Кен өндіру өнеркәсібі саласындағы техникалық қызметтер

ЖІӨ-дегі мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім қалыптастыру үшін ақпараттың дереккөздері 1-ПФ, 2-МП, 2-аңшылық, 1-орман, 1-балық, 24-сх, 29-сх, 1-сх, А-005, А-008, 8-сх (қызметтер), 1-П, 1-КС, 1-инвест, 1-ИС, 1-ВТ, 2-көлік, 2-ТР (қосалқы қызмет), 1-байланыс, 2-байланыс, 2-қызметтер, Әлеуметтік қаржы (білім беру), Әлеуметтік қаржы (денсаулық сақтау), 1-Т, D 004, Т-001 жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың деректері болып табылады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есеп», «Заңды тұлғаларға, оның ішінде шаруа (фермер) қожалықтарына субсидиялар» 311 ерекшелігі бойынша мемлекеттік бюджеттің шығыстары жөніндегі, ҚР Ұлттық банкінің қаржылық сектор бойынша кірістер мен шығыстар туралы есептері, Мемлекеттік табыстар комитетінің кәсіпорындар бөлінісінде жиынтық жылдық табыс бойынша әкімшілік деректері болып табылады.

Мұнайгаз секторының үлесін анықтау үшін қолданылатын әдіснама өндіріс әдісімен алынатын ЖІӨ-ні бағалау әдіснамасына сәйкес келеді. Мұнайгаз секторы бойынша Комитеттің салалық басқармалары шығарылым және «газа» қызмет түрлері бойынша нақты көлем индекстері бойынша тиісті статистикалық деректерді қалыптастырады, яғни деректер қызмет түрі бастапқы немесе туынды болуына қарамастан агрегатталады. Тау-кен өндірісі мен өңдеуші өнеркәсіптің нақты көлем индекстері орташа салмақталған көрсеткіш ретінде, салмақтаушы ретінде өткен жылғы шығарылым құнын қолдана отырып есептеледі, қызмет көрсету саласы үшін – баға индекстерін қолдана отырып, дефляциялау жолымен есептеледі.

ҰШБ қосылған құнды ірі, орта, шағын кәсіпорындар үшін есептелетін сәйкесінше 1-ПФ және 2 МП статистикалық нысандары бойынша Құрылымдық статистика басқармасы өңдейтін алынатын қаржылық есептіліктен есептелетін шығарылым бірлігіне келетін шығыстар коэффициентін қолдана отырып есептейді. Тұрақты бағалардағы жалпы қосылған құн шығарылымның нақты көлем индексін қолдана отырып, базалық кезеңнің бағалануын экстраполяциялау жолымен алынады.

Мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен есептелген ЖІӨ-ді есептеу экономика секторларының және экономикалық қызмет түрлерінің бөлінісінде жыл сайынғы негізде алдын ала және есепті деректер бойынша жүргізіледі.

ЖІӨ-дегі мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім есепті және алдын ала деректер бойынша жылдық негізде экономика секторлары мен экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде жүргізіледі.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

NACE rev.2 халықаралық жіктеуішпен үйлестірілген Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (03-2007 ҚР ҰЖ).

Жіктеуіш ҚР ҰЭМ СК-нің www.stat.gov.kz сайтында "Жіктеуіштер" бөлімінде орналастырылған.

S.4.3 Секторлық қамту

ҰШЖ елдің тұтас экономикасын сипаттайды. Экономикалық мүдделердің басым орталығы сол елдің экономикалық аумағында орналасқан барлық бірліктер қамтылады. Екі ең маңызды бөлініс ретінде институционалдық секторлар бойынша бөлініс және NACE rev.2 халықаралық жіктеуішімен үйлестірілген Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ, ҚР МЖ 03-2007) бойынша бөлініс болып табылады.

Елдің экономикасын тұтастай құрайтын резиденттік институционалдық бірліктер бір-бірін өзара қоспайтын бес институционалдық секторға топтастырылады:

қаржылық емес корпорациялар секторы;

қаржылық корпорациялар секторы;

мемлекеттік басқару секторы;

үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар секторы;

үй шаруашылықтарының секторы.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтамалар

Ұлттық шоттар жүйесі (ҰШЖ) макроэкономикалық шоттардың, активтер мен пассивтер теңгерімдерінің, сондай-ақ негізіне халықаралық деңгейде келісілген ұғымдар, анықтамалар, жіктелімдер мен есепке алу

қағидаларының бірқатары жататын кестелердің логикалық түрде тізбекті, үйлесімді және тұтас жиынтығын білдіреді.

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) – елдің экономикалық қызметінің соңғы нәтижесін сипаттайтын ұлттық шоттар жүйесінің аса маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Жалпы қосылған құн (ЖҚҚ) – өндірістік қызметтің түпкілікті нәтижесін сипаттайды және осы өндірістік процестегі өңдеумен қосылған құндылықты білдіреді. Салалар деңгейінде тауарлар және көрсетілген қызметтер шығарылымы мен аралық тұтыну арасындағы айырма ретінде есептеп шығарылады, өндіріс процесінде тұтынылатын негізгі капиталдың құнын қамтиды.

Жалпы шығарылым есепті кезеңде экономикада өндірілген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің жиынтық құнын көрсетеді.

Аралық тұтыну есепті кезеңде өндіріс үдерісінде түрленетін немесе толығымен тұтынылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер құнына тең. Негізгі капиталды тұтыну аралық тұтыну құрамына кірмейді.

Өнімдерге салынған салықтар мөлшері өндірілген өнімдер мен көрсетілген қызметтердің құнына тікелей байланысты салықтарды қамтиды. Өнімдерге салынатын салықтарға қосылған құн салығы, акциздер, импортталатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге салынатын салықтар және басқалары кіреді.

Субсидиялар – кәсіпорындарға олар тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің белгілі бір түрлерін өндірген жағдайда мемлекеттік бюджеттен берілетін ағымдағы өтеусіз төлемдер.

Нақты көлем индексі – салыстырмалы кезеңдердегі саладағы өндіріс көлемінің өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш.

Дефлятор – экономикада белгілі бір кезеңге бағалардың орташа өзгерісін сипаттайтын көрсеткіш.

S.4.5 Статистикалық объект

Елдің экономикасын тұтастай құрайтын резиденттік институционалдық бірліктер. Институционалдық бірлік, егер осы елдің экономикалық аумағында оның экономикалық мүдделерінің басым орталығы орналасқан болса, яғни ол осы аумақта экономикалық қызметпен біршама ұзақ кезеңде (бір жыл немесе одан да көп) айналысса, онда ол елдің резиденттік бірлігі болып табылады.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Қолданылмайды.

S.4.7 Аумақтық қамту

Жалпы Қазақстан Республикасы.

S.4.8 Қамту уақыты

ЖІӨ-дегі мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім 2010 жылдан бастап

қалыптастырылады, 2010 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі уақыт қатарлары бар.

S.4.9 Базалық кезең

Базалық кезең өткен жылғы тиісті кезең болып табылады.

S.5 Өлшем бірлігі

Миллион қазақ теңгесі

S.6 Есепті кезең

жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.
2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығына және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.
2. 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті (бұдан әрі – Комитет) төрағасының 2016 жылғы 31 қазандағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Комитеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, Комитеттің есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы болу шартында қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы

13 тамызда №6388 болып тіркелген.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағы.

Статистикалық жұмыстар жоспары және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР ҰЭМ СК www.stat.gov.kz сайтында «Негізгі» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналастырылған.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің www.stat.gov.kz сайтында «Негізгі»/«Негізгі құжаттар» бөлімінде барлық пайдаланушыларға бірдей және бір мезгілде қол жетімді.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің www.stat.gov.kz сайты. Ресми статистика / Салалар бойынша / Ұлттық шоттар статистикасы.

S.10 Тарату жиілігі

жыл

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

«ЖІӨ-дегі мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім» баспасөз хабарламасы экономиканың базалық салалары бойынша ағымдағы бағалардағы жалпы қосылған құн және ЖІӨ құрылымы, дефлятор мен нақты көлем индекстері бойынша деректерді қамтиды.

«ЖІӨ-дегі мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім» баспасөз хабарламасы жыл сайын ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің www.stat.gov.kz сайтында Жаңалықтар / Комитеттің баспасөз хабарламалары бөлімінде Word форматында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

S.11.2 Жарияланымдар

1) «ЖІӨ-дегі мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім» жедел ақпараты ағымдағы бағалардағы экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы қосылған құн, ЖІӨ құрылымы, дефлятор мен нақты көлем индекстері бойынша деректерді қамтиды. Сонымен қатар мұнайгаз және шикізаттық секторлар бойынша жалпы қосылған құн, нақты көлем индекстері және құрылымы бойынша деректерді қамтиды.

«ЖІӨ-дегі мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім» жедел ақпараты жыл сайын ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің www.stat.gov.kz сайтында Ресми статистика / Салалар бойынша / Ұлттық шоттар статистикасы / Статистика / Жедел ақпарат бөлімінде Word форматында қазақ, орыс

және ағылшын тілдерінде жарияланады.

2) Өндіріс әдісімен ЖІӨ компоненттері бойынша динамикалық кестелер экономикалық қызмет түрлері бойынша ағымдағы бағалардағы жалпы қосылған құн, ЖІӨ құрылымы, дефлятор мен нақты көлем индекстері, жан басына шаққандағы ЖІӨ, сонымен қатар ЖІӨ-дегі бақыланбайтын экономиканың үлесі және мұнайгаз бен шикізаттық секторлар туралы деректерді қамтиды. Динамикалық кестелер жыл сайын ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің www.stat.gov.kz сайтында Ресми статистика / Салалар бойынша / Ұлттық шоттар статистикасы / Статистика / Динамикалық кестелер бөлімінде Excel форматында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады.

3) «Қазақстан Республикасының ұлттық шоттары» статистикалық жинағы экономика секторлары және экономикалық қызмет түрлері бойынша ағымдағы бағалардағы жалпы қосылған құн, ЖІӨ құрылымы, дефлятор мен нақты көлем индекстері, жан басына шаққандағы ЖІӨ, сонымен қатар ЖІӨ-дегі бақыланбайтын экономиканың үлесі туралы деректерді қамтиды.

Статистикалық жинақ жыл сайын ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің www.stat.gov.kz сайтында Ресми статистика / Жарияланымдар / Статистикалық жинақтар / Қазақстан Республикасының ұлттық шоттары бөлімінде Word және PDF форматтарында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады.

S.11.3 Онлайн режиміндегі деректер базалары

"Талдау" ақпараттық-талдамалық жүйесі > Ұлттық шоттар статистикасы > Ағымдағы шоттар > Өндіріс шоты.

S.11.3.1 AC1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған.

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Ресми статистиканы дайындау мақсатында жиналған деректерді тарату «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабында көзделген талаптарға негізделеді, осыған сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығына және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.

Микродеректерге қол жеткізу және микродеректердің анонимділігі Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда №6388 болып тіркелген.

S.11.5.Өзге де

S.11.5.1 AC 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

1. Ұлттық шоттар жүйесі, 2008 (ЕУРОСТАТ Еуропалық Қоғамдастықтардың Комиссиясы, Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ), Экономикалық Ұнтымақтастық және Даму Ұйымы (ЭЫДҰ), Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Дүниежүзілік Банкі басып шығарған).

<https://unstats.un.org/unsd/nationalaccount/docs/SNA2008Russian.pdf>.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2019 жылғы «7» тамыздағы №4 бұйрығымен бекітілген «Бақыланбайтын экономиканы бағалау әдістемесі». Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2019 жылғы 8 тамызда №19215 болып тіркелген.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы «3» қазандағы №226 бұйрығымен бекітілген «Екінші деңгейлі банктердің қаржылық қызметтерін есепке алу әдістемесі». Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2019 жылғы 3 қарашада №14393 болып тіркелген.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы «21» қарашадағы №271 бұйрығымен бекітілген «Орталық банк қызметтерін есепке алу әдістемесі». Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2019 жылғы 21 желтоқсанда №14539 болып тіркелген.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы «6» тамыздағы №118 бұйрығымен бекітілген «Зейнетақы қорларының көрсетілетін қызметтерін есепке алу әдістемесі». Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2019 жылғы 13 қыркүйекте №14687 болып тіркелген.

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы «4» тамыздағы №114 бұйрығымен бекітілген «Сақтандыру қызметтерін есепке алу әдістемесі». Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2019 жылғы 7 қыркүйекте №15627 болып тіркелген.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 67 бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Сапа саласындағы мақсаттары.

3. Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процестер карталары.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика

комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

5.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Ұлттық шоттар статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпыға бірдей қабылданған рәсімдермен кұпталады:

-халықаралық стандарттарға сәйкес деректердің салыстырымдылығын қамтамасыз ету үшін халықаралық ұсынымдарға сәйкес қалыптастыру;

-тауарлардың, өнімдердің, қызметтердің стандартты статистикалық жіктелімін пайдалану;

-статистикалық деректердің салыстырмалы талдауы жүргізіледі.

S.13.2 Сапаны бағалау

Сапа 2008 ҰШЖ халықаралық стандартының тұжырымдамаларын қатаң қолданумен және деректердің анықтығымен қамтамасыз етіледі.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ұлттық шоттар экономикалық саясатты бақылау және шешімдер қабылдау, болжау үшін, әкімшілік мақсаттар үшін, қоғамды ақпараттандыру үшін және экономикалық зерттеулер үшін деректері негізгі ақпарат болып табылады. Ұлттық шоттардың жылдық деректерінің пайдаланушылары әдетте қысқа мерзімді перспективада экономикадағы құрылымдық өзгерістерді талдауға назар аударады.

Негізгі пайдаланушылар:

ҚР Ұлттық банкі;

мемлекеттік органдар (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі және тағы басқаралары);

ғылыми-зерттеу институттары (Экономикалық зерттеулер институты және тағы басқаралары);

халықаралық ұйымдар (ЕурАзЭҚ, ТМД Статкомитеті және тағы басқаралары);

ЖОО оқытушылары, студенттер және тағы басқаралары.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Q-002 «Пайдаланушыларға сауал салу» сауалнамасына сәйкес жыл сайын статистикалық ақпараттарды пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

2008 ҰШЖ халықаралық стандартына сәйкес.

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Бастапқы деректердің дәлдігі деректер көздерінің әдіснамалық негізділігін бағалау және әдіснамалық ұсынымдарды сақтау арқылы бақыланады.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ А1.

Қолданылмайды.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 А2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 А3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 А4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2 А5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолданылмайды.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

ЖІӨ-дегі мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен ЖІӨ деректері жыл сайын Статистикалық жұмыстар жоспарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес жарияланады. Алғашқы нәтижелер алдын ала болып табылады. Алдын ала деректер есепті кезеңнен кейінгі 4 айда жарияланады (Т+4 ай).

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Есепті деректер есепті кезеңнен кейінгі 8 айда жарияланады (Т+8 ай).
Есепті деректер соңғы болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер ҚР ҰЭМ министрінің бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес мерзімдерде жарияланады және таратылады.

2019 жылға арналған статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес «2018 жылғы ЖІӨ-дегі мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім» (тоқсандық негізде) жедел ақпаратының жарияланым мерзімі – 2019 жылғы 22 сәуір, «2018 жылғы ЖІӨ-дегі мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім» (жылдық негізде) жедел ақпаратының жарияланым мерзімі – 2019 жылғы 31 шілде.

«2018 жылғы ЖІӨ-дегі мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете

отырып, өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім» (тоқсандық негізде) жедел ақпаратының нақты жарияланым мерзімі – 2019 жылғы 24 сәуір. Жоспарлы және нақты мерзімдер сәйкес келмейді, жарияланым мерзімінің орындалмауы – 2 күн.

«2018 жылғы ЖІӨ-дегі мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім» (жылдық негізде) жедел ақпаратының нақты жарияланым мерзімі – 2019 жылғы 9 қыркүйек. Жоспарлы және нақты мерзімдер сәйкес келмейді, жарияланым мерзімінің орындалмауы – 40 күн.

4-кесте. Жарияланым мерзімдері

Жедел ақпарат	Жоспар	Нақты	Айырмашылық
2018 жылғы ЖІӨ-дегі мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім (тоқсандық негізде)	2019 жылғы 22 сәуір	2019 жылғы 24 сәуір	2 күн
2018 жылғы ЖІӨ-дегі мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім (жылдық негізде)	2019 жылғы 31 шілде	2019 жылғы 9 қыркүйек	40 күн

Жарияланым мерзімінің ауыстырылу себебі: Бақыланбайтын экономиканы бағалау әдістемесінің жобасын әзірлеуге және осы әдістемеге сәйкес 2010-2017 жылдардағы деректерді қайта есептеуге байланысты (Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің 2019 жылғы 1 сәуірдегі №6879//ТФМ-20/52-2//20-3/05-2155 хаттамасына сәйкес) «2018 жылғы ЖІӨ-дегі мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім» жедел ақпаратын жариялау мерзімін 2019 жылғы 22 сәуірден 24 сәуірге ауыстыру жөніндегі 2019 жылғы 22 сәуірдегі №36-2-17/148-ВН қызметтік жазба.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2019 жылғы 7 тамыздағы № 4 бұйрығымен бекітілген Бақыланбайтын экономиканы бағалаудың жаңа әдістемесіне сәйкес ЖІӨ есептеулерін жүзеге асыруға байланысты «2018 жылғы ЖІӨ-дегі мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім» жедел ақпаратын

жариялау мерзімін 2019 жылғы 31 шілдеден 9 қыркүйекке ауыстыру жөніндегі 2019 жылғы 30 шілдедегі №36-01/380-ВН қызметтік жазба және 2019 жылғы 27 тамыздағы №36-2-17/287-ВН қызметтік жазба.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Есептеулер 2008 ҰШЖ әдістемесіне сәйкес жүргізілетіндіктен, халықаралық деңгейде салыстырылмалы.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

Қолданылмайды.

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

2010 жылдан бастап ЖІӨ-дегі мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім NACE rev.2 халықаралық жіктеуішімен үйлестірілген Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ, ҚР МЖ 03-2007) сәйкес қалыптастырылады. 2010 жылдан бастап салыстырылатын уақыт қатарлары бар.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Есептеулер Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ), Еуропалық қоғамдастықтардың статистикалық бюросы (Еуростат), Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) және Дүниежүзілік банкі дайындаған 2008 жылғы Ұлттық шоттар жүйесіне сәйкес жүргізіледі, ол бірдей түсініктерді, анықтамаларды, жіктелімдерді және бағалау әдістерін қолдануды қамтамасыз етеді.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Ұлттық шоттар жүйесі шеңберінде ұлттық шоттар деректері арасында келісушілік бар. Бірақ әр түрлі деректер көздерін пайдалану нәтижесінде толық келісушілік барлық жағдайда мүмкін емес.

5-кесте. ҚР ҰЭМ СК 2019-2021 жылдарға арналған сапа саласындағы мақсаттарында көрсетілген әртүрлі әдістермен есептелген ҰШЖ көрсеткіштерінің есептеулеріндегі, сондай-ақ жедел және есепті деректердің арасындағы номиналды айырмашылықтарын қамтамасыз ету

Нысаналы индикатор	Өлшем бірлігі	Жоспар	Нақты
2018 жылғы өндіріс әдісімен ЖІӨ және шығыстар-шығарылым кестесі арасындағы номиналды айырмашылықтар	айырмашылықтар %	2,6	2,6
Жедел және есепті деректер бойынша 2018 жылғы өндіріс әдісімен ЖІӨ арасындағы	айырмашылықтар %	2,6	2,6

номиналды айырмашылықтар			
--------------------------	--	--	--

S.19 Жүктеме

Мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен есептелген ЖІӨ-ні Статистика комитетінің Ұлттық шоттар басқармасы қызметкерлері Excel-де қалыптастырады. Өндіріс әдісімен ЖІӨ көрсеткіштерін қалыптастыру кезінде жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың және әкімшілік дереккөздердің деректері пайдаланылады.

Басқа статистикалық жұмыстармен қайталау жоқ.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

1) Деректер жыл сайын Статистикалық жұмыстар жоспарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес қайта қаралады. Алдын ала деректер есепті кезеңнен кейінгі 4 айда жарияланады (Т+4 ай). Есепті деректер есепті кезеңнен кейінгі 8 айда жарияланады (Т+8 ай). Есепті деректер соңғы болып табылады.

2) Әдіснаманың, жіктеуіштің өзгеруі жағдайларында қайта қарау.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен ЖІӨ қалыптастыру үшін бастапқы деректер мыналар болып табылады:

- кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп
- шағын кәсіпорын қызметі туралы есеп
- ауыл шаруашылығы құралымының қызметі туралы есеп
- мал шаруашылығының жағдайы туралы есеп
- орман өсіру және ағаш дайындау қызметі туралы есеп
- кәсіпорынның өнімдер (тауарлар, қызметтер) өндіру және жөнелту туралы есебі
- орындалған құрылыс жұмыстары (көрсетілген қызметтер) туралы есеп
- пошта және курьерлік қызметтің қызмет көрсетулері туралы есеп
- қатынас түрлері бойынша көлік жұмысы
- денсаулық сақтау ұйымының қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы есеп
- білім беру ұйымының қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы есеп
- байланыс қызметтері туралы есеп
- көрсетілген қызметтер көлемі туралы есеп
- еңбек бойынша есеп (қызметкерлердің жалақы қоры, бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, нақты жалақы индексі);
- халықтың жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу сауалнамасы (жұмыспен қамтылу мәртебесі бойынша жұмыспен қамтылған халық);

- баға индекстерінің деректері
- ҚР Ұлттық банкінің қаржы секторы ұйымдарының кірістер мен шығыстар бойынша деректері
- Мемлекеттік кірістер комитетінің кәсіпорындардың жиынтық жылдық кірісі туралы деректері
- мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есебі (ҚР Қаржы министрлігі)
- «Заңды тұлғаларға, оның ішінде шаруа (фермер) қожалықтарына субсидиялар» 311-ерекшелік бойынша мемлекеттік бюджеттің шығыстары (ҚР Қаржы министрлігі).

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жыл

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Жалпы мемлекеттік статистикалық байқау нәтижелері салалақ статистика басқармаларынан Excel кестелері түрінде алынды.

Әкімшілік деректер мемлекеттік органдармен ақпарат алмасу туралы қолданыстағы бірлескен бұйрықтар шеңберінде Excel кестесі түрінде ЭҚЖБ арқылы сұраулар бойынша және дереккөздерден ресми сайттарынан алынды.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Салалақ статистика басқармаларынан және әкімшілік дереккөздерден алынған деректерге талдау жүргізіледі. Тексеру процесінде алынған нәтижелер өткен кезеңмен салыстырылады.

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Статистикалық деректердің сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.